

**«Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін өткізуді бағалау, сыбайлас
жемқорлыққа қарсы мониторингті өткізу
ӘДІСТЕМЕСІ**

1. Нысана және қолдану аясы

1. Мәмілелер мен шарттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мақсатында «Мұнай және газ ақпараттық талдау орталығы» АҚ (*бұдан әрі – Қоғам*) сыбайлас жемқорлыққа қарсы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін өткізуді бағалау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті өткізу әдістемесін (*бұдан әрі – Әдістеме*) әзірледі.

2. Әдістеме Қоғамның мәмілелері мен шарттық қатынастары кезінде туындауы мүмкін Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін уақтылы сәйкестендіруге, анықтауға, бақылауға және азайту бойынша шаралар қабылдауға бағытталған мәмілелер мен шарттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін (*бұдан әрі – Сыбайлас жемқорлық тәуекелі*) алдын алудың маңыздылығын айқындайды.

3. Осы Әдістеме Қоғамның ішкі актісі болып табылады. Осы Әдістеменің негізгі мақсаты мәмілелерде, келісімшарттарда, шарттарда және Қоғамның басқа актілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болдырмау болып табылады.

4. Осы Әдістеменің күші атқаратын лауазымы мен атқаратын функцияларының деңгейіне қарамастан Қоғамның барлық қызметкерлеріне және кез келген сипаттағы азаматтық-құқықтық актілер жасалған барлық тұлғаларға қолданылады.

5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі деп болашақта іске асырылған жағдайда осы Әдістемені, Қоғамның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасын бұза алатын, сондай-ақ осындай тәуекелдердің туындауына әсер етуі мүмкін әлеуетті оқиғаны (*немесе мән-жағдайлардың тоқайласуы*) түсініледі.

6. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау саласындағы өзге мәселелер Қоғамның тиісті ішкі нормативтік құқықтық актілерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен регламенттеледі.

7. Осы Әдістеменің күші Қоғам мәмілелерінің, келісімшарттарының және шарттарының барлық түрлеріне қолданылады. Қоғамның барлық құрылымдық бөлімшелері және қызметкерлері Әдістемемен танысуға және оны қолдануға міндетті. Функционалдық міндеттерді жүзеге асыру және қойылған міндеттерді іске асыру кезінде Қоғам қызметкерлері осы Әдістемеді көрсетілген нормаларды басшылыққа алуы тиіс.

8. Шарттар мен келісімшарттардағы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару процесінің негізгі қағидаттары:

1) тұтастық – Қоғамның барлық актілерінде сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекел элементтерін тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде қарау;

2) ашықтық – сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарауға, сондай-ақ осы қағидатты Қоғамның барлық шарттық актілерінде таратуға тыйым салу;

3) хабардарлық – Қоғамның контрагенттерімен шарттық актілерде объективті, дұрыс және өзекті ақпараттың болуын сүйемелдеу;

4) үздіксіздік – Қоғамның мәмілелері мен шарттарында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтауға арналған мониторинг процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады.

2. Тәуекелдерді сәйкестендіру

9. Қоғам келісімшарттардағы, шарттардағы, мәмілелердегі ықтимал оқиғаларды, сондай-ақ Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін басқа актілердегі нормаларды тұрақты негізде сәйкестендіреді және олардың Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен жағдайлары болып табылатындығын айқындайды.

Оқиғаларды сәйкестендіру кезінде Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудыруы мүмкін әр түрлі ішкі және сыртқы факторлар, алғышарттар мен мүмкіндіктер қарастырылады.

10. Тәуекелдерді сәйкестендіру – Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылуына кері әсерін етуі мүмкін оқиғалардың ықпалына Қоғамның ұшырағыштығын анықтау.

Мәмілелер мен шарттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру рәсімінің мақсаты тәуекелдерді анықтау және оларды Қоғамның сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тізіліміне енгізу болып табылады.

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және қолданыстағы тәуекелдерге нақты объективті көзқарастың болуы Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын орындауға септесетін тәуекелдерді тиімді басқару негіздерінің бірі болып табылады.

12. Қоғамның әр қызметкері тұрақты негізде Қоғамның мәмілелері мен шарттарында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіре және бағалай алады.

3. Тәуекелдерді бағалау

13. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау анағұрлым «осал» тұстарды анықтау үшін базалық саралау арқылы қолданыстағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мен олардың көлемі бойынша жалпы көрініс беруге бағытталған.

14. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау процесі Қоғам қызметіне теріс әсер етуі, Қоғам қызметкері тарапынан да, контрагенттер мен серіктестер

тарапынан да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауына әкеп соғуы мүмкін неғұрлым маңызды (*сындарлы*) тәуекелдерді бөлу мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер дереу қарауға шығарылуы және осы тәуекелдерді жою және бақылау туралы шешім қабылдау керек.

15. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау әрбір тәуекелдің көздері мен себептерін, оларды іске асыру кезіндегі теріс салдарларды және белгілі бір оқиғаның болу ықтималдығын қарауды қамтиды.

16. Бастапқыда Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау сапалық негізде жүргізіледі, одан кейін ең маңыздылары үшін сандық бағалау жүргізілуі тиіс.

Сандық бағалауға жатпайтын, үлгілеу үшін сенімді статистикалық ақпарат жоқ немесе осындай үлгілерді жасау шығыстар тұрғысынан тиімсіз болып табылатын тәуекелдер сапалық негізде ғана бағаланады.

17. Мәмілелер актілерінде болатын сыбайлас жемқорлық тәуекелдері мынадай белгілер бойынша жіктеледі:

1) жол берілетін тәуекел - оны жүзеге асыру нәтижесінде Қоғам, қызметкерлер мен контрагенттер тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қатері жоқ шешім тәуекелі, осы аймақ шегінде Қоғамның Комплаенс саясаты өзінің превентивті мақсатқа сай болуын сақтайды, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдері орын алады, бірақ олар шекті деңгейден аспайды;

2) жоғары тәуекел - Қоғамға сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау қаупі төнетін тәуекел, қауіпті тәуекел аймағы шекті деңгейден көрінеу асып түсетін және ең болмаса Қоғамның бір қызметкерінің қылмыстық және/немесе әкімшілік жауапкершілігіне әкелуі мүмкін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзу қаупімен сипатталады;

3) қауіпті тәуекел - жүйелі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін жағдайлар туындайтын тәуекел, мұндай тәуекелдер жүйелілік тұрақты сипатқа ие болғанда және Қоғамның екі және одан да көп қызметкері тартылуы мүмкін шамаға дейін жете алады. Сонымен қатар бұл топқа мемлекеттік активтерді жымқыруды жүзеге асыру үшін тікелей қауіппен байланысты кез келген тәуекелдер жатады.

18. Мәмілелер мен шарттарда барлық сәйкестендірілген, анықталған және бағаланған сыбайлас жемқорлық тәуекелдері Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тізілімінде көрсетіледі.

4. Тәуекелдерді басқару

19. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою мақсатында Қоғам ден қою әдістерін айқындайды және оларды ең сындарлыдан бастап, сындарлығы төмен тәуекелге дейін жояды.

20. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін басқару Қоғам қызметкерлерінің де, сол сияқты контрагенттер тарапынан да теріс әсерді және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау ықтималдығын азайтуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

21. Қоғамның мәмілелер мен шарттық қатынастарды қалыптастыруға, жасасуға, қол қоюға және орындауға қатысы бар құрылымдық бөлімшелері

сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіруге және анықтауға бағытталған мониторингті және басқа да іс-шараларды Комплаенс офицермен бірлесіп тұрақты негізде жүргізеді.

22. Барлық келісімшарттар, шарттар және Қоғамның басқа да мәміле актілері Қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұстанымы туралы хабарлы нормаға ие болуы керек, сондай-ақ барлық контрагенттерден, серіктестерден, тапсырыс берушілерден және Компаниямен шарттық қатынастары бар басқа тұлғалардан тиісті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті талап етуі керек.

Контрагенттердің осы талапты орындамауы қандай да бір міндеттемелерді өтемей, Қоғам тарапынан шартты біржақты тәртіппен бұзу үшін негіз бола алады.

23. Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою және/немесе болдырмау шарттық актілерде көрсетілген және ықтимал теріс салдарларға әкелуі мүмкін операцияларды барынша азайтуға, бақылауға және олардың жүзеге асырылуын тоқтатуға немесе одан бас тартуға бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды.

24. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту және бақылау:

1) ескертуге – мәмілелер, келісімшарттар және өзге де шарттар жасасу кезінде белгілі бір тәуекелдің басталу ықтималдығын қысқартуға;

2) бақылауға – Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін қысқартуға және/немесе ұқсас тәуекел анықталған, сәйкестендірілген және басталған жағдайда толық жоюға;

3) әртараптандыруға – Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін толық жоюға мүмкіндік болмаған жағдайларда, тәуекелді оның әлеуетті ықпалын төмендету мақсатында Қоғамның бірнеше қызметкерлері арасында үлестіруге бағытталған іс-шараларды білдіреді.